

"Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіні қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 286 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2016 жылғы 10 ақпандағы № 70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 12 ақпанда № 13060 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 22 қыркүйектегі № 786 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 22.09.2016 № 786 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 сәуірдегі № 343 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіні жүргізу қағидаларының 17-тармағына сәйкес, сондай-ақ «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 3) тармақшасын басшылыққа ала отырып,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіні қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 286 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11194 тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіні қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі нұсқаулықта:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Осы қағидалардың 7, 8-тармақтарында көрсетілген келіп түскен нормативтік құқықтық актілерді Эталондық банкке енгізу РҚАО-ға келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жүзеге асырылады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу және келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 тамыздағы № 773 қаулысына (бұдан әрі - № 773 қаулы) сәйкес электрондық түрдегі

нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік органдардан жүйеге электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы не электрондық-цифрлық жеткізгіште (CD-диск, USB флеш-карта) Microsoft Word (кеңейтілімі doc немесе docx) форматында к е л і п т ү с е д і . » ;

Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін қалыптастыру, сондай-ақ оған мәліметтер енгізу жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ қ а 1 - қ о с ы м ш а д а :

1-тармақтың жиырма бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«17-деректемеде – файлдарды бекіту: DOC немесе DOCX форматындағы файлдарды жүктеу (толтырылуы міндетті);»;

2-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «№ 773 қаулыға сәйкес нормативтік құқықтық актінің (негізгі, туынды және оған қосымша (лар) мәтіні бар файлдың бірыңғай форматы Microsoft Word форматында (кеңейтілімі doc немесе docx);».

2. Заңнама департаменті белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

З.Баймолдина